«Келісілді»
Аудандық білім беру
бөлімінің басшысы
____________А.Касимова

«Бекітілді»
2021 жылдың 5 қантардағы
педагогикалық кеңестің
хаттамасымен
Мекеме директорының м.а
____________Б.Нарымбаев

# «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары

Тасқала ауылы
2021 жыл.

## ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ


| № | М а з м ұ н ы | Беті |
|---|---|---|
| | Тасқала аудандық білім бөлімінің «Жас туристер станциясының» 2020 жылғы жұмысына талдау | 3-10 |
| | «Жас туристер станциясының» 2021 жылға арналған жұмыс жоспары | |
| 1-бөлім | Ұйымдастыру бөлімі | 11 |
| 2-бөлім | Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары | 11-12 |
| 3-бөлім | Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары | 13-14 |
| 4-бөлім | Директор жанындағы кеңес жоспары | 14-17 |
| 5-бөлім | "Жас туристер станциясының" көпшілік оқу шараларының 2019 жылға арналған күнтізбелік жоспары | 17-21 |
| 6-бөлім | Мамандарды дайындау | 21-22 |
| 7-бөлім | Жас мамандармен жұмыс жоспары | 22-23 |
| 8-бөлім | Ата – аналармен жұмыс жоспары | 23 |
| 9-бөлім | Тәрбиесі қиын оқушылармен жасауға арналған жұмыс жоспары | 23-24 |
| 10-бөлім | Жазғы демалысты ұйымдастыру | 24-25 |
| 11-бөлім | Станция ішіндегі бақылау | 25 |
| 12-бөлім | Қаржылық – шаруашылық бөлімі | 26 |

# Тасқала аудандық білім бөлімінің «Жас туристер станциясының» 2020 жылғы жұмысына талдау

## Жалпы мәлімет

Мекеменің негізгі мақсаты құқықтық және нормативтік құжаттары белгелінген құзіреті шегінде өзінің аумағында Қазақстан Республикасының Білім туралы заңын және Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру және Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – саяси реформа мен экономикалық жаңғыру үдерістерінің басталғанының кепілі.

Мектеп оқушыларын қосымша біліммен қамту арқылы бала бойында адамгершілік, табиғатқа сүйіспеншілік, кішіпейілділік, қамқорлық қасиеттерін айқындауда туризмнің ролі өте зор екені мәлім. Туризммен қамтылған оқушының табиғатқа, дүниеге деген көзқарасы жолдастарының, ұстаздарының көз алдында оң бағытқа өзгеретіні белгілі. Осыған байланысты туристік-өлкетану жұмыстарды дамытып, жандандыру, орталықтандыру мақсатында Тасқала аудандық әкімияты Тасқала аудандық білім бөлімінің «Жас туристер станциясы» МКҚК Тасқала аудандық әкімдігінің 2006 жылы 25 желтоқсандағы № 344 қаулысының негізінде құрылды. 2017 жылдың 25 шілде күні Тасқала ауданы әкімінің №170 қаулысы негізінде «Жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі болып өзгертілді.

**Мекеменің негізгі мақсаты:**

Мекеменің негізгі мақсаты – құқықтық және өзге де нормативтік құжаттармен белгіленген аудан аумағындағы білім беру саласында және құзырлық шеңберінде Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

Мекеме қызметінің мәні:

- білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызмет;
- балалар және жасөспірімдермен оқу, мәдени ағартушылық, шығармашылық, ұйымдастырушылық қызмет болып табылады.

**Мекеменің негізгі міндеті:**

Кәсіпорын құқылы:

1) кадрларды орналастыру мен іріктеуді, өз қызметін дербес жоспарлауды, оқу-әдістемелік жұмыстарды қалыптастыруды жүзеге асыруға;

2) материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында кәсіпорын мемлекеттік тапсырыспен анықталған және кепілдік берілген қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік басқару органымен бекітілген бағдарлама мен жоспарлар бойынша, кәсіпорын міндетті:

1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Мемлекеттік білім стандарттарына сай жоғары ұйымдастырушылық және ғылыми-әдістемелік деңгейде білім процесін жүзеге асыруға;

2) оқу процесіне қатысушылардың мүмкіндіктері мен талаптарына қатысты оқыту мен тәрбиелеуді мемлекеттік және орыс тілдерінде қамтамасыз етуге;

3) үйренушілерге кәсіпорынның оқу-материалдық базасын пайдалануға беруге;

Кәсіпорын белгіленген тәртіппен мемлекеттік басқару органының алдында жұмысы туралы есеп береді, қаржылық және статистикалық есептерді, мемлекеттік және орыс тілдерінде іс-қағаздарын, мұрағатты жүргізеді, қазіргі Заңнамаға сәйкес статистикалық және басқа мәліметтерді тиісті ұйымдарға ұсынады.

Жас туристер станциясында барлығы 20 үйірме жұмыс жасайды. Үйірме жетекшілерінің 11 жоғары, 2 арнаулы орта білімді.

Станцияда туризм, экология, спорттық бағдарлау және өлкетану үйімелері бар. Соның ішінде: «Жас туристер станциясы» жанынан туризм, спорттық бағдарлау және өлкетану үйірмелері, жетекшілері Нарымбаев Бейбит Маратович, Теміржан Еркебұлан Лайқұлы, Орақ Мерхат Темірбекұлы, Тельжанов Асланбек Адилбекович, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінде спорттық бағдарлау, туризм үйірмелері, жетекшілері Изгалиева Динара Рафаиловна және Ахмедалиев Алтынбек Акылбекович, Амангелді орта мектебінде өлкетану үйірмесі, жетекшісі Дарменова Ботагөз Темиржановна, Бірлік негізгі мектебінде экология үйірмесі, жетекшісі Хайруллина Сахипжамал Ищановна, Атамекен орта мектебінде тау туризмі үйірмесі, жетекшісі Динмухаметов Султан Радикович, Оян орта мектебінде туризм үйірмесі, жетекшісі Юсупов Мержан Нуржанович, Мереке орта мектебінде экология үйірмесі, жетекшісі Бекетаев Тыныштық Тулегенович, Шежін орта мектебінде туризм үйірмесі, жетекшісі Сагинбаев Рауан Насипкалиевич, С.Жақсығұлов атындағы орта мектебінде туризм үйірмесі, жетекшісі Дюсенбеев Махамбет Саткалиевич.

Үйірмелерге қатысатын оқушылардың саны:300, жалпы жүктемелер саны 5.

***«Жас туристер станциясы» жанындағы үйірмелерге қатысатын оқушылар саны***



Штаттық кесте бойынша станцияда директор, 1 бірлік директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 бірлік есепші, 1 бірлік әдіскер, 1 бірлік іс қағаздар жүргізушісі, 2 бірлік еден жуушы, 1 бірлік шаруашылық меңгерушісі, 1 бірлік автокөлік жургізушісі, 3 бірлік күзетші, 1 бірлік жұмысшы, 1 бірлік (маусымдық) газ қондырғысы операторы және 5 бірлік қосымша білім беру педагогы лауазымдары бар.

## Педагогикалық кадрлар

2017 жылы станцияда 11 қосымша білім беру педагогы жұмыс істеді.

- білімдері бойынша жоғары (93%) білімді 10 педагог, арнаулы орта (7%) білімді 1 педагог;

2018 жылы станцияда 12 қосымша білім беру педагогы жұмыс істеді.

- білімдері бойынша жоғары (91%) білімді 11 педагог, арнаулы орта (9%) білімді 1 педагог;

2019 жылы станцияда 13 қосымша білім беру педагогы жұмыс істеді. Ұстаздар ұжымының сапалық құрамы төмендегідей:

- білімдері бойынша жоғары (85%) білімді 11 педагог, арнаулы орта (15%) білімді 2 педагог;

2020 жылы станцияда 13 қосымша білім беру педагогы жұмыс істеді. Ұстаздар ұжымының сапалық құрамы төмендегідей:

- білімдері бойынша жоғары (76%) білімді 11 педагог, арнаулы орта (24%) білімді 2 педагог;




Ұстаздардың барлығының базалық білімдері бар.

2017 жылы: санаттары бойынша: жоғары – 2(18%), бірінші – 2(18%), санатсыз – 7(63%). Жалпы ұжымның 36% мүшесі санаттары бар ұстаздар.

2018 жылы: санаттары бойынша: жоғары – 2(18%), бірінші – 2(18%), екінші – 1(9%), санатсыз – 6(55%). Жалпы ұжымның 45% мүшесі санаттары бар ұстаздар.

2019 жылы: санаттары бойынша: жоғары – 2(15%), бірінші – 2(15%), екінші – 1(7,5%), санатсыз – 8(60%). Жалпы ұжымның 37,5% мүшесі санаттары бар ұстаздар.

2020 жылы: санаттары бойынша: жоғары – 1 (7,5%), бірінші – 2(15%), екінші – 1(7,5%), санатсыз – 9 (70%). Жалпы ұжымның 30% мүшесі санаттары бар ұстаздар.




## Туристік – бұқаралық жұмыс

2016 жылы облысық шаңғымен спорттық бағдарлау жарысында «Спринт» қашықтығынан 21 жастан жоғары ерлер арасында Нарымбаев Б. пен 21 жастан жоғары әйелдер арасында Медетова Ж. I орын, 18 жастағы қыздар арасында Сагатдинова Г. II орын, «Ұзақ» қашықтықтан 16 жастағы қыздар арасында Мухамедрахимова А. II орын, Медетова Ж. I орын, Сагатдинова Г. II орын, «Орта» қашықтықтан Сагатдинова Г. II орынды иеленіп, жарыс қорытындысы бойынша аудан командасы жалпыкомандалық есепте III орынға ие болды. 2018 жылы осы жарыста W14 жастағы қыздар арасында «Орта» қашықтықтан Закирова А. II орын, 16 жастағы ұлдар арасында Куханов Р. III орынды иеленді. Жалпы командалық есепте команда 5 орынға табан тіреді. 2020 жылы «Орта» қашықтығынан Асылбек Артур III орынға, Изгалиева Назым III орынға, Д.Изгалиева «Орта», «Спринт», «Ұзақ» және шаңғы жарысынан I орынға, Б.Нарымбаев «Орта», «Спринт», «Ұзақ» және шаңғы жарысы қашықтықтарынан II орынға ие болды.

2017 жылдың 25-27 қаңтар аралығында шаңғы туризмі техникасынан өткен облыстық «Европа – Азия» жарысында спорттық бағдарлау қашықтығынан ерлер арасында Б.Нарымбаев I орынға, қыздар арасында А.Андамасова III орынға ие болса, командалық «Кросс – жорық» қашықтығынан I орынға, «Техникалық» қашықтығынан II орынға, «Эстафета» қашықтығынан II орынды иеленіп, аудан командасы жалпыкомандалық есепте II орынға табан тіреді. 2015 жылы өткен жарыста аудан командасы жеңімпаз атанды. 2019 жылы «Жеке»

қашықтығынан Д.Изгалиева І орынды, «Эстафета» қашықтығынан команда І орынды иеленді.

2017 жылы наурыз айында өткен оқушылар арасындағы «Жайық толқыны» өлкетану фестивалінде «Жас қаламгер» байқауынан Г.Избанова ІІІ орынды иеленді. Команда жүлдегерлер қатарынан көріне алмады. 2019 жылы «Жас дизайнер» бағыты бойынша Ф.Мүсірова ІІ орынды, «Жас ақын» бағыты бойынша Д.Избанова ІІІ орынды иеленді. Бұл жылы да аудан командасы жүлдегерлер қатарынан көрінбеді.

2016 жылы облыстық «Ақшақар» шаңғы туризмі техникасы жарысында «Туристік тағамдар» байқауы І орын, «Өз-өзін таныстыру» байқауы ІІІ орын, «Байлам» (аралас) қашықтығы ІІ орын, «Байлам» (ұлдар) қашықтығы І орын, «Эстафета» ІІ орын, жалпыкомандалық І орынға иеленді. 2019 жылы команда жарысқа қатыспады.

2016 жылы облыстық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялардың қорытынды слетінде «Сөнбес жұлдыздар» бағыты бойынша Халиуллина Гүлбибі І орын, «Ескерткіштер ел тарихы» бағытынан Сапарғали Алихан І орын, және «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-экспедициялық маршруттарды презентациялау бағытынан Киреева Эльнара І орынды иеленіп, слет қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте аудан командасы жүлделі ІІІ орынды иеленді. 2018 жылы жалпыкомандалық есепте аудан командасы жүлделі ІІІ орынды иеленді. 2020 жылы «Экологиялық соқпақ» бағытында «Жас эколог» үйірмесінің оқушылары Таскалиев Темирлан мен Байбулатова Инара ІІІ орынға ие болды.

2016 жылы М.Жұмаев жүлдесі үшін өткен шыңға өрмелеуден облыстық ашық біріншілікке Жас туристер станциясының қосымша білім беру педагогтарымен оқушылар командасы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте ІІІ орынға ие болды. 2017 жылы «Техникалық» қашықтығынан балалар тобы ІІ орынға ие болды. 2018 жылы жасөспірімдер тобы «Командалық» қашықтықтан ІІІ орынды және «Құтқару жұмысы» қашықтығынан ІІІ орынды иеленіп, жалпыкомандалық есепте аудан командасы ІІІ орынға көтерілді.

2016 жылы спорттық бағдарлау жарысына ауданымыздан құралған команда қатысып, жарыс қорытындысы бойынша 10 жастағы қыздар арасында Мамышева А. «Лабиринт» дистанциясынан І орын, «Спринт» ІІІ орын, «Орта» ІІ орын, «Ұзақ» ІІ орын; 12 жастағы қыздар арасында Закирова А. «Орта» дистанциясынан ІІ орын; «Эстафета» дистанциясынан Хамидуллина М., Сагатдинова Г., Медетова Ж. ІІІ орынды иеленіп келді. 2018 жылы 16 жастағы қыздар арасында Аяпбергенова К. «Ұзақ» қашықтығынан ІІІ орынға ие болды.

2016 жылы Орал қаласында өткен облыстық «Шырқаған жастық шақ» бард әндерін орындаушылардың фестивалінде Асылбеков Қадырбек 12-13 жас аралығында І орын, Тасболат Мақсат 14-15 жас аралығында ІІ орын, «Ансамбль» 14-15 жас аралығында ІІІ орынды иеленді. 2017 жылы Тасболат Мақсат 14-15 жас аралығында ІІ орын, «Ансамбль» номинациясында 14-15 жас аралығында ІІІ орынды иеленді.

Жаз кезінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының,

қылмыс жасауының және қадағалаусыз қалуының алдын-алу мақсатында «Шұғыла» жазғы демалыс лагері базасында лагерь өткізіледі. 2016 жылы лагерьде 99 оқушы демалса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 150 балаға дейін өсті. 2018 жылы лагердің 4 кезеңінде (12 күндік) аудан бойынша 187 бала демалды. 2019 жылы «Шұғыла» лагерінде жазғы демалыспен 200 бала қамтылды. 2020 жылы пандемияға байланысты лагерь жұмысы ұйымдастырылмады.

«Менің Отаным - Қазақстан» оқушылардың туристік экспедициясы шеңберінде көктемгі «Қарлығаш» облыстық туриадасында 2016 жылы жалпыкомандалық есепте жүлделі I орынды иеленсе, 2017 жылы аудан командасы III жалпыкомандалық орынға тұрақтады. 2018 және 2019 жылдары аудан командасы жүлдегерлер қатарынан көріне алмады.

Аудандық білім бөлімінің бекітілген іс-шаралар жоспары негізінде жаз кезінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының, қылмыс жасауының және қадағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында аудандық жас туристер станциясының ұйымдастыруымен «Жас турист» шатырлы лагері ұйымдастырылады. 2016 жылы лагерге аудан бойынша барлығы 77 оқушы қатысты. 2017 жылы бұл көрсеткіш сәл төмендеп, шатырлы лагерь жұмысымен 75 оқушы қамтылды. 2018 жылы лагерьге 77 оқушы қатысып, ал 2019 жылы лагерь мүлдем ұйымдастырылмады. 2020 жылы пандемияға байланысты лагерь жұмысы ұйымдастырылмады.

2016 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған VIII облыстық отбасылық «Әкем, анам және мен – туристік отбасы» жарысына Белгиндер отбасы мен Ы.Алтынсарин ат. ОМ 10 оқушысы Набиуллаев Қ. қатысып, жарыс қортындысы бойынша жалпыкомандалық есепте III орынға ие болды. 2018 жылы өткен IX облыстық отбасылық «Әкем, анам және мен – туристік отбасы» жарысына Үмбеталиевтер отбасы мен Ақтау ОМ 8 сынып оқушысы Бақытжанова Дана Қайратқызы қатысып, жарыс қортындысы бойынша жалпыкомандалық есепте III орынға ие болды.

2020 жылы «07 аймақ» квест марафонында Жанатов Ернар II орынға ие болды.

2016 жылдың 19-23 қыркүйек аралығында өткен білім қызметкерлері арасындағы XIX «Еуропа-Азия» туристік фестиваліне аудан мұғалімдерінен құралған команда қатысып, «Кросс жорық» қашықтығынан III орыннан және «Жеке» қашықтықтан Андамасова А. I орын, «Лабиринт» спорттық бағдарлау қашықтығынан Нарымбаев Б. I орын алып жүлдемен оралды. 2017 жылы өткен жарыста спорттық бағдарлау қашықтығынан әйелдер арасында А.Андамасова II орынға, ерлер арасында Б.Нарымбаев II орынға ие болды. 2018 жылы спорттық бағдарлау қашықтығынан әйелдер арасында Изгалиева Д.Р. I орынды иеленсе, жарыстың басты қашықтығы «Кросс жорық» қашықтығынан аудан командасы II орынды иеленіп қайтты. Ал 2019 жылы «Бард әндерін орындаушылар» номинациясында Е.Теміржан III орынды иеленсе, команда «Техникалық» қашықтығынан I орынды, «Эстафета» қашықтығынан III орынды иеленді.

2016 жылы 5-7 қазан аралығында өткен IX «Батыс-Азимут» спорттық бағдарлау жарысында жалпыкомандалық есепте III орынға ие болды. 2017 жылы 21 жастағы қыздар арасында А.Андамасова «Түнгі бағдарлау» қашықтығынан I

орынға, «Ұзақ» қашықтығынан III орынға, 16 жастағы қыздар арасында К.Аяпбергенова «Спринт» қашықтығынан III орынға және «Таңдау бойынша» қашықтығынан II орынға ие болды. 2019 жылы Е.Умбеталиев «Ұзын» қашықтығынан I орын, «Орта» қашықтығынан I орын, «Спринт» қашықтығынан I орын, Б.Нарымбаев «Орта» қашықтығынан II орын, Изгалиева Динара «Ұзын» қашықтығынан I орын, «Орта» қашықтығынан II орын, «Спринт» қашықтығынан II орын алды. 2020 жылы «Спорт Live» спорттық бағдарлау байқауында Изгалиева Назым III орынға ие болды.

2016 жылы өткен облыстық оқушылар арасындағы экскурсиялық бағдарлау жарысында жалпыкомандалық сынақта аудан оқушылары II орынға ие болды. 2019 жылы өткен «Ашық аспан астындағы музей қала» тақырыбындағы экскурсиялық бағдарлау жарысында К.Шарипова «Туған жер мақтанышым» байқауында II орынды, Э.Хисметдинова «Орал ежелгі қала байқауында» II орынға ие болып, жалпыкомандалық есепте команда III орынды иеленді. 2020 жылы Макимов Ерасыл II орынға ие болды.

Облыстық «Балалар даму академиясы» іздестіру – зерттеу конференциясында Э.Хисметдинова «Кіші өзендер» бағытында I орынға ие болып, жалпыкомандалық II орынға табан тіреді.

## Қаржылық – шаруашылық бөлімі

2014 жылы жалпы мекеме ұстауына 16367,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, соның ішінде жыл басында бекітілген қаражат көлемі 14288,0 мың теңге, 579,0 мың теңге 10% жалақының өсуі және 1500,0 мың теңге сметалық құжаттарына өзгерістер енгізу үшін бөлінді. 9537,2 мың теңге еңбекақы қоры құрады.

2015 жылы мекеме ұстауына бюджеттен 18572,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, соның ішінде еңбекақы қоры 12013,3 мың теңгені құрады.

2016 жылы мекеме ұстауына аудандық және республикалық бюджеттен 19330,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді. Соның ішінде еңбекақы қоры 14198,0 мың теңгені құрады.

2017 жылы мекеме ұстауына бюджеттен 18980,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, соның ішінде еңбекақы қоры 13440,0 мың теңгені құрады.

2017 жылдың мамыр айында «Жас туристер станциясына» қарасты жазғы «Шұғыла» демалыс лагерінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Жалпы күрделі жөндеу жұмыстарына 101 070, 980 мың тенге қаражат бөлінді. Қыркүйек айынан бастап Жас туристер станциясы «Шұғыла» лагерінде орналасуда.

2018 жылы мекеме ұстауына 19500,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді.

2019 жылы мекеме ұстауына аудандық және республикалық бюджеттен 29744,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, соның ішінде еңбекақы қоры 19 154,0 мың теңгені құрады.

2020 жылы мекеме ұстауына аудандық және республикалық бюджеттен 28069,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, соның ішінде еңбекақы қоры 20367,0 мың теңгені құрады.

***Тасқала аудандық “Жас туристер станциясының” қаржыландырылу көрсеткіші (млн. теңге)***



# «Жас туристер станциясының» 2021 жылға арналған жұмыс жоспары

## 1-бөлім. Ұйымдастыру бөлімі

| № | Мазмұны | Өтетін уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Директор жанындағы кеңес | Ай сайын | «Жас туристер станциясының» директоры |
| 2 | Станцияның педагогикалық кеңесі | Қаңтар<br>Наурыз<br>Мамыр<br>Тамыз<br>Қараша | «Жас туристер станциясы» әкімшілігі |
| 3 | ҚББП педагогикалық жүктемелерін бекіту | Тамыз | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 4 | 2020 жылдың жұмыстарының қорытындысы және 2021 жылға жоспар | Қаңтар | Директор,<br>ҚББП |
| 5 | Аудандағы туристік-өлкетану іс – шаралардың ұйымдастырылуы | Жыл бойы | Станция ұжымы |
| 6 | Үйірмелердің өтетін орындарының бекітілуі | Тамыз-Қыркүйек | Директор,<br>ҚББП |
| 7 | «Жас туристер станциясының» ҚББП арасындағы семинарлар | Қаңтар<br>Сәуір<br>Мамыр<br>Қыркүйек<br>Қазан | Әдіскер |

## 2 бөлім. Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

### №1 педагогикалық кеңес. Қаңтар айы

| № | Тақырыбы | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1 | Өткен 2020 жылғы шаралардың қорытындысы, 2021 жылға жылдық жоспармен таныстыру, облыстық туристік-өлкетану, экология рейтингісінің қорытындысы | Директор |
| 2 | ҚББП өткен жартыжылдық бойынша қорытындылары | ҚББП |
| 3 | Ұйымдастырылатын аудандық іс-шараларға және облыстық жарыстарға дайындық деңгейін талқылау | Директор, директордың оқу |

| | | |
|---|---|---|
| | | ісі жөніндегі орынбасары |
| 4 | Сабақтар, жорықтар ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау | Әдіскер |

**№2 педагогикалық кеңес. Наурыз айы**

| № | Тақырыбы | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1 | Қыс мезгілінде өткізілген облыстық, аудандық жарыстардың қорытындысы | Директор |
| 2 | ҚББП жұмыстарына сараптама, үйірме жұмыстарын тіркеу журналдарын тексеру қорытындысы | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 3 | Мекемедегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуы бойынша | Іс – жүргізуші |
| 4 | Мектептердегі туристік – өлкетану, экологиялық жұмыстарының жайы туралы | ҚББП |

**№3 педагогикалық кеңес. Мамыр айы**

| № | Тақырыбы | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1 | Оқушылардың жазғы демалысын туризм арқылы ұйымдастыру | Директор |
| 2 | Жазғы «Шұғыла» демалыс лагерінің жұмысын және аудандық «Жас турист» шатырлы лагерін ұйымдастыру | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 3 | Оқушылармен туристік саяхат және жорықты тиімді ұйымдастыру жұмыстары | Әдіскер |
| 4 | 2020 – 2021 оқу жылының қорытындысы. Мектептердегі ұйымдастырылған іс – шаралар. | ҚББП |
| 5 | Станциядағы тәрбиелік жұмыстардың жағдайы | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |

**№4 педагогикалық кеңес. Тамыз айы**

| Р/с | Тақырыбы | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1 | Жаңа оқу жылының басын ұйымдастыру:<br>-педагогикалық кадрларды орналастыру, тарифтеу;<br>-станциясының жұмыс режимі;<br>-станциясының жұмыс жоспарын бекіту;<br>- үйірмешілердің дәрігерлік бақылаудан өткізуілуі; | Директор |
| 2 | «Жас туристер станциясының» 2020-2021 оқу жылына сараптамасы | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | «Менің Отаным Қазақстан» шеңберінде 2021-2022 оқу жылына арналған аудандық мектептерде жорықтарды ұйымдастыру | Әдіскер |

**№5 педагогикалық кеңес. Қараша айы**

| № | Тақырыбы | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | Облыстық «Европа – Азия», «Алтын дала», «Спорттық бағдарлау», «Батыс бердинг» жарыстарының қорытынды талдауы | Директор |
| 2. | Қыркүйек, қазан, қараша айларында ұйымдастырылған аудандық іс-шаралардың қорытындысы | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 3. | Өлкенің мәдени мұрасын оқып білудегі мектеп мұражайының қызметі | Әдіскер |

## 3 бөлім. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары

**№1 әдістемелік кеңес. Қаңтар айы**

| № | Тақырыбы | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Өлкетану бағытындағы үйірмелер сабақтарына қатысу қорытындысы, талдау жұмысы | Директор, директордың орынбасары, әдіскер |
| 2 | Үйірме журналдарын тексеру қорытындысы | |
| 3 | Нормативтік құжаттарға шолу жасау | |
| 4 | Әдістемелік жұмысының 2 – жартыжылдыққа арналған жоспарына түзетулер енгізу | |

**№2 әдістемелік кеңес. Наурыз айы**

| № | Тақырыбы | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Іс – тәжірибе тарату | Директор, директордың орынбасары, әдіскер |
| 2 | Жетекшілер мен жас мамандардың жұмыстарының қорытындысы | |
| 3 | Экология бағытындағы үйірмелер сабақтарына қатысу қорытындысы, талдау жұмысы | |
| 4 | Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бойынша жеке жоспарының орындалуы, тәжірибе алмасу жұмыстарының сапасы | |

**№3 әдістемелік кеңес. Мамыр айы**

| № | Тақырыбы | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Оқу – тәрбие жұмысының жылдық диагностика және мониторинг қорытындысы | Директор, директордың орынбасары, |
| 2 | Жаңа оқу жылына әдістемелік жұмысы | |

| | | |
|---|---|---|
| | жоспарының жобасын құрып, талқылау | әдіскер |
| 3 | Тамыз кеңесіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру | |
| 4 | Педагогтардың қорытынды есептерін талқылау | |
| 5 | Педагогтардың санатын көтеруге берген өтініштерін қарау | |

**№4 әдістемелік кеңес. Тамыз айы**

| № | Тақырыбы | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | 2020 – 2021 оқу жылы әдістемелік жұмысының сараптамасы | Директор, директордың орынбасары, әдіскер |
| 2 | 2021 – 2022 оқу жылының әдістемелік жұмысының жоспарын талқылау және бекіту | |
| 3 | Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту | |
| 4 | Аттестаттау комиссиясының іс – шаралар жоспарын, аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту | |
| 5 | Күнтізбелік тақырыптық жоспарларды бекіту | |
| 6 | Жас мамандарға жетекші бекіту | |
| 7 | Сабақ кестесін бекіту | |
| 8 | Ашық сабақтар кестесін бекіту | |

**№5 әдістемелік кеңес. Қараша айы**

| № | Тақырыбы | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Қосымша білім беру педагогтарының атқарылған жұмыстары туралы есептері | Директор, директордың орынбасары, әдіскер |
| 2 | Туризм, спорттық бағдарлау бағытындағы үйірмелер сабақтарына қатысу қорытындысы, талдау жұмысы | |
| 3 | Аттестаттауға қосымша білім беру педагогтарының дайындығы | |

## 4 бөлім. Директор жанындағы кеңес жоспары

### № 1 отырыс. Қаңтар айы

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Станцияда санитарлық – гигеналық талаптардың сақталу барысы | Шаруашылық меңгерушісі |
| 2 | Станция оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс | Әдіскер |
| 3 | Желтоқсан айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен ақпан айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директордың орынбасары |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Станцияда мемлекеттік рәміздерді насихаттау туралы | Әдіскер |

**№ 2 отырыс. Ақпан айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Ішкі еңбек тәртібі ережесінің сақталуы | Директор |
| 2 | Қаңтар айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен наурыз айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директордың орынбасары |
| 3 | Аттестациядан өтетін мұғалімдердің жұмыстары туралы | Директордың орынбасары |
| 4 | Мекемедегі патриоттық тәрбиенің жүргізілуі | Әдіскер |

**№ 3 отырыс. Наурыз айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Педагогтердің әдістемелік шеберлігін арттырудағы өзара сабаққа қатысуының барысы жайлы | Директордың орынбасары |
| 2 | Ақпан айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен сәуір айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директордың орынбасары |
| 3 | Оқушылардың жазғы демалыстарының ұйымдастырылуы жұмыстарының барысы | Директор |
| 4 | Қатаң есептегі құжаттардың жүргізілу сапасын зерделеу қорытындысы | Директор |

**№ 4 отырыс. Сәуір айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Өлкетану үйірмелерінің жұмысын талдау | Директордың орынбасары |
| 2 | Наурыз айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен мамыр айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директордың орынбасары |
| 3 | Оқушылардың үйірмелерге қатысу мониторингі | Директордың орынбасары |
| 4 | Мекеменің тазалығы, техникалық қызметкерлерінің жұмысы туралы | Шаруашылық меңгерушісі |

**№ 5 отырыс. Мамыр айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Өртке қарсы қауіпсіздік жайы | Шаруашылық меңгерушісі |
| 2 | Сәуір айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен маусым айына арналған | Директордың орынбасары |

| | | |
|---|---|---|
| | мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | |
| 3 | Оқушылардың жазғы демалыстарының ұйымдастырылуы жұмыстарының барысы | Директор |
| 4 | Ата-ана кеңесі жұмысының сапасы | Директордың орынбасары |
| 5 | Жас мамандармен жұмыс деңгейі | Директордың орынбасары |

**№ 6 отырыс. Тамыз айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы, кадрлармен қамтамасыз ету, мекеменің жұмыс тәртібін, материалдық-техникалық базасын бекіту | Директор |
| 2 | Өрт қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, бала өмірінің қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс жайында нұсқаулық жүргізу | Шаруашылық меңгерушісі |
| 3 | Үйірмелердің жинақталуы және үйірме жетекшілерді тағайындау | Директор, директордың орынбасары |
| 4 | Тазалық-гигиеналық тәртібі мен еңбек қауіпсіздік техникасы | Әдіскер |
| 5 | Қыркүйек айындағы мекемеішілік жоспары туралы | Директордың орынбасары |

**№ 7 отырыс. Қыркүйек айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен қазан айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директор |
| 2 | Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» кодексі түсіндірме жүргізу | Директорың орынбасары |
| 3 | Медициналық тексеруден өткені туралы | Әдіскер |
| 4 | Ұстаздар күніне дайындық | Әдіскер |
| 5 | Мектеп қызметкерлерінің және білім алушыларды ҰБДҚ енгізілуі | Директордың орынбасары |

**№ 8 отырыс. Қазан айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Оқушылардың үйірмелерге қатысуы | Директордың орынбасары |
| 2 | Үйірме журналдарының жүргізілуі | Директордың орынбасары |
| 3 | Қыркүйек айындағы мекемеішілік іс-шаралар | Директордың |

| | | |
|---|---|---|
| | қорытындысы мен қараша айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | орынбасары |
| 4 | Мекеме ғимаратының қысқа дайындығы | Шаруашылық меңгерушісі |
| 5 | Әдістемелік қызметінің жұмысын талдау | Әдіскер |

**№ 9 отырыс. Қараша айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Станцияда санитарлық-гигиеналық режимді сақтау жұмыстары | Директор |
| 2 | Қазан айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен желтоқсан айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директордың орынбасары |
| 3 | Ата-аналар кеңесінің жұмысы және станция оқушыларының оқу үдерісіне ата-анасының қатысуы | Директордың орынбасары |
| 4 | Баспасөзге жазылу барысы жайлы | Директор |

**№10 отырыс. Желтоқсан айы**

| № | Қаралатын мәселелер | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Педагогтердің жеке іс қағаздарының жүргізілуі | Іс – жүргізуші |
| 2 | Қараша айындағы мекемеішілік іс-шаралар қорытындысы мен қаңтар айына арналған мекемеішілік іс-шаралар жоспары туралы | Директордың орынбасары |
| 3 | Жас мамандармен жұмыстың жарты жылдық қорытындысы | Директордың орынбасары |
| 4 | Журналдардың сапасы, толтырылуының талапқа сай болуы | Директордың орынбасары |
| 5 | Станция жұмысының жарты жылдық қорытындысы | Директор |

## 5 бөлім. "Жас туристер станциясының" көпшілік оқу шараларының 2020 жылға арналған күнтізбелік жоспары

| № | Шара мазмұны | Өткізілетін орны | Өткізілетін мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Облыстық «Мектеп музейі» сырттай марафоны | Орал қ. | Қаңтар-ақпан | Әдіскер |
| 2. | Аудандық туризм орталықтарын абаттандыру конкурсы | Орал қ. | қаңтар қараша | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары Әдіскер |
| 3. | Білім беру саласының қызметкерлері арасындағы облыстық «Европа-Азия - | Орал қ. | 14-15 қаңтар 20-23 қаңтар | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс<br>1 этап – аудандық<br>2 этап - облыстық | | | Әдіскер<br>ҚББП |
| 4. | «Туған жер кереметі» өлкетанулық олимпиада | Орал қ. | қаңтар | Әдіскер |
| 5. | Оқушылар арасындағы облыстық «Ақшақар - 2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарысына қатысу<br>1 кезең - мектепішілік<br>2 этап – аудандық<br>3 этап - облыстық | Орал қ. | 2-3 ақпан<br>4-7 ақпан | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 6. | Қысқы балық аулау облыстық байқауы | Орал қ | 2-3 ақпан<br>4-7 ақпан | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 7. | Облыстық «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі<br>1 кезең – мектептік<br>2 кезең – аудандық<br>3 кезең – облыстық | Орал қ. | 11-12 наурыз<br>17-19 наурыз | Әдіскер. |
| 8. | Облыстық «07 аймақ» туризм бағытындағы қашықтан квест-марафоны | Орал қ. | наурыз | Әдіскер |
| 9. | Облыстық спорттық бағдарлаудан «WEST ORIENT» жарысы | Орал қ. | 6-7 сәуір<br>8-10 сәуір | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 10. | Облыстық «Хрустальды шоқыр» байқауы | Орал қ. | 12 сәуір | Оқу- ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер |
| 11. | М.Жұмаев жүлдесі үшін тауға өрмелеу және тау туризмі техникасының ашық біріншілігі БҚО<br>1кезең – аудандық<br>2кезең - облыстық | Орал қ. | 12-13 сәуір<br>14-17сәуір | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 12. | Облыстық жас өлкетанушылар слеті | Орал қ. | 15-16 сәуір<br>21-23 сәуір | Әдіскер |
| 13. | Облыстық «БҚО табиғат ескерткіштері» атты | Шыңғырлау ауданы | 13-15 мамыр | Оқу – ісі жөніндегі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | экологиялық экспедиция | | | орынбасары<br>Әдіскер |
| 14. | «Шырқаған жастық шақ» бард әндерін орындаушылардың облыстық фестивалі<br>1 кезең- аудандық<br>2 кезең - облыстық | Орал қ. | 12-13 мамыр<br>18-20 мамыр | Әдіскер |
| 15. | Туризм орталығының қызметкерлері арасында облыстық жарыс | Орал қ. | 27-31 мамыр | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 16. | Облыстық «Ақжайықтану» туристік-өлкетанулық экспедициясы<br>-аудандық<br>-облыстық | Облыс аудандары | 05-07 маусым | Әдіскер |
| 17. | Облыстық жас экологтардың «Жасыл» олимпиадасы | Теректі ауданы | 14-16 маусым | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер |
| 18. | «Менің Отаным – Қазақстан» туристік –өлкетанулық экспедиция жасақтары слетінің шеңберінде облыстық көктемгі «Қарлығаш» туриадасы<br>1 кезең – мектепшілік (көпшілік жорықтар)<br>2 кезең – аудандық (категориялық жорықтар)<br>3 кезең – 60-шы облыстық жарыс | Орал қ | 10-11 маусым<br>16-20 маусым | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 19. | Балық аулаудан облыстық ашық біріншілік | Орал қ. | 10-11 маусым<br>16-20 маусым | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 20. | Облыстық жас геологтар слеті | Теректі ауданы | 22-25 маусым | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 21. | Облыстық велотуризм | Бөрлі | 17-18 | Оқу – ісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | техникасынан «Күміс шабақ 2021» жарысы<br>1 кезең – мектепшілік<br>2 кезең – аудандық<br>3 кезең-облыстық | ауданы | маусым<br>23-26 маусым | жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 22. | Облыстық «Жайық алаңы» зерттеу марафоны | Орал қ. | 17-18 маусым<br>22-24 маусым | Әдіскер |
| 23. | Облыстық оқушылар арасында «Жайық-Урал - 2021» туристік-экологиялық экспедициясы<br>1кезең – мектепшілік «Орал өңірінің жасыл желкені» акция<br>2 кезең – аудандық «Орал өңірінің кіші өзендері» экспедиция<br>3 кезең – облыстық «Жайық – Урал 2021» экспедиция | Урал өзені | маусым - шілде | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 24. | Спорттық бағдарлаудан «Спорт Live» конкурсы | Орал қ. | 29-30 маусым<br>1-5 шілде | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 25. | Спорттық бағдарлаудан «Бағдар 2021» шатырлы лагері | Бәйтерек ауданы, Янайкино ауылы | 1-2 шілде<br>6-11 шілде | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 26. | «Менің Отаным – Қазақстан» мектеп мұғалімдері арасында облыстық семинар-машық. Жорық есебі бойынша байқау | Орал қ. | 2 қыркүйек | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>ҚББП |
| 27. | Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия-2021» туристік фестивалі<br>1-кезең – аудандық<br>2-кезең – облыстық | Орал қ. | 16-17 қыркүйек<br>23-26 қыркүйек | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 28. | Облыстық «Жас құтқарушылар» слеті<br>1 кезең –мектепшілік<br>2 кезең– аудандық<br>3 кезең – облыстық | Орал қ. | 5-8 қазан | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>ҚББП |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29. | Облыстық ашық «Батыс Азимут- 2021» спорттық бағдарлау жарысы<br>1кезең – аудандық<br>2кезең -облыстық | Орал қ. | 7-8 қазан<br>14-16 қазан | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 30. | Облыстық «Музей тарих – музей тағылым» челленджі | Орал қ. | қараша | Әдіскер |
| 31. | Тау туризмі техникасынан академик Т.Қ. Жездібаевты еске алуға арналған облыстық жарыс<br>1 кезең –аудандық<br>2 кезең – облыстық | Бәйтерек ауданы | 28-29 қазан<br>1-4қараша | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 32. | «Өлке KZ» туризм олимпиадасы | Орал қ. | қараша | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |
| 33. | Оқушылар арасындағы облыстық «Балалар даму академиясы» конференциясы<br>1 кезең-аудандық<br>2 кезең-облыстық | Орал қ. | қыркүйек,<br>қазан,<br>8-10 желтоқсан | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер<br>ҚББП |

## 6 бөлім. Мамандарды дайындау

| № | Іс-шаралар атауы | Өткізілетін орны | Өткізілетін мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аудандық музей жетекшілерінің семинары | Тасқала а. | 31 наурыз | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер |
| 2 | Аудандық экология бағытындағы семинар | Тасқала а. | 26 ақпан | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер |
| 3 | Жаяу және вело туризм жетекшілеріне арналған семинар | Тасқала а. | 6 мамыр | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары<br>Әдіскер |
| 4 | Спорттық бағдарлау жетекшілеріне арналған | Тасқала а. | 1 қазан | Оқу – ісі жөніндегі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | семинар – жарыс | | | орынбасары Әдіскер |
| 5 | «Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясы шеңберінде сутуризмі жорығының жетекшілерін дайындау семинары (I қиындық категориялық жорық) | Жайық өзенінің бойы | сәуір-мамыр | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары ҚББП |
| 6 | Шатырлы лагерь «Бағдар-2021» | ОБЖТжЭО «Самал» ТЛ | Шілде-тамыз | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары Әдіскер ҚББП |
| 7 | АБЖТжЭО директорларына арналған онлайн-семинар | Орал қ. | қаңтар мамыр тамыз қараша | Директор |
| 8 | АБЖТжЭО-ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған онлайн-семинар | Орал қаласы | қараша | Әдіскер |
| 9 | Аудандық, қалалық БЖТжЭО – ның бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне, қосымша білім беру педагогтарына арналған онлайн-машықтану жұмысы | ОБЖТжЭО | Өтініш бойынша | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары Әдіскер ҚББП |
| 10 | Туристік қоғамдық кадрларды даярлау бойынша семинар:<br>- Велосипед туризмі (II қиындық категориясы)<br>- Су туризмі (1-қиындық категориясы)<br>- ҚББП және турұйымдастырушыларды ң семинары | Белгіленген маршрут бойынша | маусым шілде-тамыз қыркүйек | Оқу – ісі жөніндегі орынбасары ҚББП |

## **7 бөлім. Жас мамандармен жұмыс жоспары**

| № | Өткізілетін іс шара мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жас мамандарға тәлімгер педагогтарды | Қыркүйек | Директор |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тағайындау. Оқу бағдарламасы бойынша кеңес беру. | | |
| 2 | Жас мамандарды тәлімгер педагогтер сабақтарына қатыстыру. | Жыл бойы | Директордың орынбасары |
| 3 | Мекемеішілік еңбек тәртібі ережелерімен таныстыру | Қыркүйек | Директор |
| 4 | Мекеме жұмысына жас мамандарды тарту, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беру. | Қыркүйек | Директордың орынбасары |
| 5 | Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу. | Желтоқсан | Тәлімгер педагогтер |
| 6 | Жас мамандардың қатысуымен семинарлар, дөңгелек үстелдер, сайыстар және жарыстар ұйымдастыру | Жыл бойы | Әдіскер |

## 8 бөлім. Ата – аналармен жұмыс жоспары

| № | Жұмыс мазмұны | Өткізу түрлері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ата – аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау | Жиналыс, дөңгелек үстел | Қыркүйек |
| 2 | Ата – аналар жиналысы | Жиналыс | Қыркүйек Желтоқсан Наурыз |
| 3 | Ата-аналарға «Ашық есік» күнін ұйымдастыру | Ашық есік күні | Жыл бойы |
| 4 | Ата – аналарды әр түрлі іс – шараларға қатыстыру | Жарыс, тренинг, әңгімелесу | Жыл бойы |

## 9 бөлім. Тәрбиесі қиын оқушылармен жасауға арналған жұмыс жоспары

| № | Шараның атауы | Мерзімі | Жауапты | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тәрбие қиын оқушылардың тізімін ішкі істер бөлімінен алу. | Қыркүйек | «Жас туристер станциясы» ҚББП | Тәрбиесі қиын оқушыларды жүйелі туризммен айналысуға тартып, жеке жұмыс жүргізу |
| 2 | Тәрбиесі қиын оқушылармен 2021 жылына арналған жұмыс жоспарын құру | Қаңтар | «Жас туристер станциясы» ҚББП | Тәрбиесі қиын оқушыларды жүйелі туризммен айналысуға тартып, жеке жұмыс жүргізу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Тәрбиесі қиын оқушыларды жүйелі туризммен айналысуға тартып, жеке жұмыс жүргізу үшін мектеп директорыларымен және туризм жетекшілерімен дөңгелек үстел өткізу | Қаңтар Ақпан | Мектеп директорлары «Жас туристер станциясы» ҚББП | Тәрбиесі қиын оқушыларды жүйелі туризммен айналысуға тартып, жеке жұмыс жүргізу. |
| 4 | Аудандық, облыстық, республикалық туристік – өлкетану, экологиялық жарыстар мен конференцияларға тарту | Жыл бойы | «Жас туристер станциясы» ҚББП | Тәрбиесі қиын оқушыларды жүйелі туризммен, өлкетанумен, экологиямен айналысуға тартып, жеке жұмыс жүргізу. |

## 10 бөлім. Жазғы демалысты ұйымдастыру

| № | Іс-шаралар атауы | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | Облыстық оқушылар арасында «Шырқаған жастық шақ -2021» бард әндерін жас орындаушылардың фестиваліне қатысу | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |
| 2 | Оқушылар арасындағы аудандық “Қарлығаш” туриадасын ұйымдастыру | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |
| 3 | «Жас турист» шатырлы лагерін ұйымдастыру | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |
| 4 | Демалыс күнгі, дәрежелі, категориялық жорықтар ұйымдастыру | Әдіскер, ҚББП, сынып жетекшілері |
| 5 | Республикалық оқушылардың «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициясы шеңберінде туристік көпсайыстан облыстық «Қарлығаш» туриадасына қатысу | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |
| 6 | Жазғы «Шұғыла» лагерінің жұмысын ұйымдастыру | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Облыстық «Күміс шабақ» велотуризм техникасы жарысы шеңберінде I категориялық веложорыққа қатысу | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |
| 8 | Облыстық оқушылар арасындағы «Жайық – Урал» туристік – экологиялық экспедициясына қатысу | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |
| 9 | Облыстық оқушылар мен үйірме жетекшілері арасында карта сызудан «Бағдар 2021» шатырлы лагеріне қатысу | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, туризм әдіскері, ҚББП |

## 11 бөлім. Станция ішіндегі бақылау

| № | Іс – шаралар мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Сабақтарға және сабақтан тыс іс-шараларға қатысу және оларды талдау | Жыл ішінде | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 2 | Ашық сабақтарға қатысу | Жыл ішінде | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер, үйірме жетекшілері |
| 3 | Құжаттарды тексеру | Жыл ішінде | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер |
| 4 | ҰБДҚ (НОБД) (ұлттық білім беру деректер қоры) толтыруды бақылау | Қыркүйек | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 5 | Жас педагогтердің жұмыстарын бақылау | Жыл ішінде | Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер |
| 6 | Үйірме жетекшілерінің журналдарын тексеру | Тоқсан сайын | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 7 | Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау | Жыл ішінде | Жауапты мамандар |
| 8 | Педагогтердің қауіпсіздік техникасы, сабақ үстіндегі және сабақтан тыс уақытта өзін-өзі ұстау бойынша нұсқау жүргізуін және олардың орындалуын бақылау | Қыркүйек | Әдіскер |

## 12 бөлім. Қаржылық – шаруашылық бөлімі

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2021 жылға арналған тарификацияны дайындау, бекіту | Жыл басында | Директор,есепші |
| 2 | Мемлекеттік сатып алу порталында келісім шарттар жасасу | Жыл ішінде | Директор, есепші |
| 3 | Туризм  құралдары, формалар және шаруашылық тауарларын алу | Жыл ішінде | Директор, есепші |

**«Жас туристер станциясы» директорының**
**оқу ісінің жөніндегі орынбасары:** **Б.Нарымбаев**